



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ  
20 16 ж. « 11 » қазан ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 15040028155  
№ 5494-1900-00  
Бастапқы тіркелген күні  
2015 ж. « 02 » ақпан

Бекітілген  
«ҚАЗАҚСТАН ТРИАТЛОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ»  
қоғамдық бірлестігінің конференциясы отырысының хаттамасымен  
2017 жылғы «19» қазан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
20 17 ж. « 26 » қазан  
БСН 15040028155  
№ 5494-1900-00  
Бастапқы тіркелген күні  
2015 ж. « 02 » ақпан

Утвержден  
Протоколом заседания Конференции  
Общественного Объединения  
«КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ТРИАТЛОНА»  
«19» октября 2017 г.

**«ҚАЗАҚСТАН ТРИАТЛОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ»  
қоғамдық бірлестігінің  
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ  
Общественного объединения  
«КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ТРИАТЛОНА»**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «ҚАЗАҚСТАН ТРИАТЛОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ» қоғамдық бірлестігі, бұдан әрі «Федерация» триатлонды, сондай-ақ триатлонмен байланысты басқа спорт түрлерін (мультиспорт) – акватлон, дуатлон, қалааралық триатлон, қысқы триатлон, жабық орынжайлардағы триатлон, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы паратриатлонды (бұдан әрі барлығы - триатлон) қоса басқару және дамыту бойынша осы Жарғымен берілген өкілеттіктерге және республикалық мәртебеге және Халықаралық триатлон ұйымы (ITU), Дүниежүзілік триатлон корпорациясы (WTC), Азия триатлон федерациясы (ASTC) және басқа халықаралық ұйымдар алдында танытудың ерекше құқығына ие қоғамдық бірлестіктің ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымы болып табылады.

1.2 ITU мүшесі, Олимпиада қозғалысына тиесілі Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің мүшесі (ҚР ҰОК) болып табылатын федерация осы арқылы Олимпиадалық хартия және Дүниежүзілік антидопингтік кодексінің ережелерін орындауға міндеттенеді. Федерация қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес ұлттық деңгейде Олимпиада қозғалысын нығайту бойынша шараларға қатысуға міндеттенеді. Федерация спорт этикасын қолдау және көтермелеу, допингке қарсы күрес міндеттемесін қабылдайды.

1.3 Федерация ITU халықаралық деңгейдегі триатлонды басқару бойынша әлемдегі жалғыз танылған орган болып табылатынын мойындайды.

1.4 Федерация ҚР ҰОК-тің төмендегідей ерекше құқықтарын растайды:

1) Қазақстан Республикасын Спортшыларды осы жарыстарға қатысуын жариялау мен жіберуге ҚР ҰОК-тің құқығымен Халықаралық Олимпиада комитетінің (ХОК), Ұлттық Олимпиада комитеттері қауымдастығының (ҰОКК), Азия Олимпиада Кеңесі (АОК) және басқа дүниежүзілік спорт ұйымдарының және бірлестіктерінің бақылауымен өтетін Олимпиада ойындарына, аймақтық, құрлықтық немесе дүниежүзілік кешендік спорттық жарыстарға қатысу құқығын;

2) Спортшыларды осы жарыстарға қатысуын жариялау мен жіберуге ҚР ҰОК-тің құқығымен ХОК, ҰОКК, АОК және басқа дүниежүзілік спорт ұйымдарының және бірлестіктерінің бақылауымен өтетін Олимпиада ойындарында, аймақтық, құрлықтық немесе дүниежүзілік кешендік спорттық жарыстарда Қазақстан Республикасының делегациясы болу тәртібін қалыптастыру және анықтау.

1.5. Қоғамдық бірлестіктің заңды тұлға ретінде құқықтық қабілеті заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен тіркелген кезден бастап пайда болады.

1.6. Федерацияның әрекет ету мерзімі шектелмеген.

1.7. Федерация қызметі заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында триатлонның дамуына және дамытуына үлес қосуға бағытталған мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен, коммерциялық емес ұйымдармен тығыз байланыста әрекет етеді.

1.8. Федерация заңды тұлға болып табылады және мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап заңды тұлғаның барлық құқықтарына ие. Федерация өз атынан шарттар жасайды, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерге ие болады, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. Федерацияның жеке балансы, мөрі, мөртаңбасы және атауы бар бланкілері, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде банктік шоттары бар. Федерацияның өз эмблемасы бар (осы Жарғының №1-қосымшасы)

1.9. Федерация спорттың олимпиадалық түрі ретінде триатлонды дамыту жөніндегі спорттық қауымдастықтың мүдделерін Қазақстан Республикасында және халықаралық деңгейде білдіреді.

1.10. Федерация Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттарды ескере отырып, осы елдердің заңнамасына сәйкес шет елдерде өз қызметін жүзеге асыра алады.

1.11. Федерация халықаралық келісімдерге сәйкес ерікті түрде одақтар мен бірлестіктерге, халықаралық байланыстар мен қарым-қатынастарға кіруге құқылы.

1.12. Федерация мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы лауазымды тұлғаларының, басқа да тіркелген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне кедергі келтірмейді, сондай-ақ коммерциялық және саяси мақсаттарды көздемейді.

1.13. Федерация өз қызметін төмендегі қағидалар негізінде жүзеге асырады:

1) өз мүшелерінің еріктілігі, құқыққа теңдігі, өзін-өзі басқару, заңдылық, есептілік және қызметінің жариялылығы;

2) жарғылық мақсаттарды шешудегі Федерацияның бірлігі мен филиалдары, мүшелері мен құрылымдық бөлімшелерінің дербестігі;

3) Федерацияның жоғарғы басқару органын таңдауы;

4) Федерацияның жоғарғы басқару органдары шешімдерінің басқаларға міндетті болуы;

5) міндеттер мен тапсырмаларды орындауда әрбір мүшесінің жұмысы мен жауапкершілігіндегі алқалылық.

1.14. Федерация өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақы өндіріп алу қоланылуы мүмкін барлық оған тиесілі мүлікпен жауап береді. Федерация мүшелері Федерация міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Федерация өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.15. Федерация спорт федерацияларына, Олимпиада қозғалысының мүшелеріне немесе нәсілдік, жыныстық, діни немесе саяси белгісі бойынша жеке тұлғаларға (жарыс қатысушылары, ресми тұлғалар, судьялар, делегаттар, жаттықтырушылар, және т.б.) қатысты ешқандай кемсітушілікке жол бермейді.

1.16. Федерация барлық басқару органдарында гендерлік теңдікке жәрдемдеседі және отырыстар мен комитеттерде әйелдер санының 20 пайызынан кем емес өкілдерін қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

1.17. Федерацияның тиісті түрде ресімделген өз логотипі, әнұраны, шоттары, мөрі, атауы бар бланктері, дербес теңгерімі, мөртаңбалары, мүлкі, мемлекеттік, орыс, және ағылшын тілдеріндегі фирмалық атауы, сондай-ақ белгіленген түрде тіркелген тауар белгісі және басқа да дараландыру құралдары бар.

## **2. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ АТАУЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ МАҚСАТТАРЫ**

### **2.1 Атауы:**

Орыс тілінде – Общественное объединение «КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ТРИАТЛОНА»;

Мемлекеттік тілде – «ҚАЗАҚСТАН ТРИАТЛОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ» қоғамдық бірлестігі;

Ағылшын тілінде - Public Association «KAZAKHSTAN TRIATHLON FEDERATION».

### **2.2 Федерацияның қысқаша атауы:**

Орыс тілінде – ОО «КФТ»;

Мемлекеттік тілде – «ҚТФ» ҚБ;

Ағылшын тілінде – РА «КТФ».

2.3 Федерацияның тұрақты әрекет ететін органының орналасқан мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Сарайшық көшесі, 40, 206-кабинет.

### **2.4 Федерация қызметінің мәні:**

1) Қазақстан Республикасының триатлон бойынша ұлттық құрама командасын Әлем, Азия чемпионаттарына, Олимпиада, Азия ойындарына және басқа да халықаралық және ұлттық жарыстарға даярлау, қатысу;

2) Қазақстан Республикасын халықаралық деңгейде таныту үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамасына іріктеп алуға қажетті белгілерді ТБК-мен бірлесіп жасау;

3) жаттықтырушыларға, спортшыларға, лауазымды тұлғаларға триатлон және мультиспорт, соның ішінде паратриатлон бойынша оқу курстарын ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес ұйымдастыру;

4) халыққа триатлонмен белсенді айналысуды насихаттау;

5) триатлон саласында білікті кадрларды даярлау;

6) қызметі триатлонды дамытуға бағытталған шет мемлекеттердің халықаралық федерацияларымен және ұйымдарымен халықаралық қарым-қатынастарды орнату және дамыту;

7) Қазақстан Республикасында триатлонды дамытуға септігін тигізетін өзге бағаттар.

8) Федерацияның материалдық базасын құру және нығайту.

#### 2.5 Федерацияның мақсаты:

1) Олимпиада қозғалысының бірлігін және тұтастығын нығайту.

2) Халықаралық аренада қазақстандық спорттың ұстанымын нығайту және дәрежесін арттыру.

3) Спортшылардың денсаулығын сақтау - допинг және есірткісіз әділ спорт үшін күрес.

4) Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтарын, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде тұрақтаған азаматтығы жоқ тұлғаларды жасына, жынысына және нәсіліне қарамастан триатлонмен айналысуға шақыру.

5) Әлемнің ұлттық федерацияларымен және МОК, ITU, OCA халықаралық спорт ұйымдарымен халықаралық спорттық байланысты дамыту.

6) Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық аспектілерде триатлонды дамыту.

7) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт істері бойынша уәкілетті органының келісімі бойынша жарыстардың, нормативтердің бірыңғай ережелерін қабылдау.

8) Федерация қамқорлығымен өтетін республикалық, облыстық, қалалық чемпионаттарды немесе басқа да жарыстарды ұйымдастыру және жүргізу.

9) ХОҚ, АОҚ, ITU және басқа да халықаралық спорт ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт бойынша уәкілетті органымен (бұдан әрі – Уәкілетті орган) келісе отырып халықаралық спорт ұйымдарының қамқорлығымен өтетін триатлон халықаралық чемпионаттарын немесе басқа жарыстарды ұйымдастыру және жүргізу.

10) Қазақстан Республикасында триатлонмен айналысуға арналған спорт ғимараттарының сапасын арттыру үшін күш-жігерін салу.

11) Қазақстан Республикасының рекордтарын тіркеу және бекіту.

12) Қазақстан Республикасының триатлеттерімен жасалған рекордтарды бекіту үшін халықаралық спорт ұйымдарына материалдарды ұсыну.

13) Ұлттық чемпионаттарда допинг-бақылауды тиісті түрде жүргізуге жәрдемдесу және жарыстан тыс допинг-бақылауды жүргізуде ITU, WADA-ға жәрдемдесу.

2.6. Федерация коммерциялық емес ұйым ретінде жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге себеп болатын кәсіпкерлік қызметпен айналысуы мүмкін. Кәсіпкерлік қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс Федерация мүшелеріне таратылмайды және жарғылық мақсаттарға жету үшін пайдаланылуы тиіс немесе уәкілетті басқару органының шешімі бойынша қайырымдылық қызметке пайдаланылуы тиіс. Федерация кәсіпкерлік қызмет

бойынша табыс пен шығындар есебін жүргізеді. Федерацияның кәсіпкерлік қызметіне салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.7. Федерация Қазақстан Республикасындағы триатлон бойынша барлық жарыстарға және қызмет саласына қатысты барлық коммерциялық құқықтардың жалғыз иеленушісі болып табылады. Федерацияның атқарушылық органы Қазақстан Республикасында триатлонды дамыту мақсаттарына жету үшін осы құқықтарды пайдалану өкілеттіктеріне ие.

2.8. Триатлон саласындағы спорт клубтары мен басқа ұйымдарын Федерация егер олардың мақсаттары мен міндеттері Федерацияның мақсаттары мен міндеттеріне сай болған жағдайда ғана жарамды деп табады.

2.9. Федерация триатлон саласындағы филиалдар мен клубтарына триатлон бойынша барлық тәртіптерде кәсіби және кәсіби емес спортшылар үшін бағдарламаларды дайындау бойынша жәрдемдеседі.

2.10. Триатлон саласындағы спорт клубтары мен басқа ұйымдар Федерацияның Жарғысын және ішкі құжаттардың ережелерін орындауға міндетті.

2.11. Федерацияның триатлон саласындағы спорт клубтары мен ұйымдарымен барлық қарым-қатынасы шарт негізінде жүзеге асырылады.

2.12. Федерацияның қызметі Қазақстан Республикасының барлық аумағы бойынша қолданылады.

### **3. МҮШЕЛІК, МҮШЕЛІККЕ ИЕ БОЛУ ЖӘНЕ МҮШЕЛІКТЕН АЙЫРЫЛУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ, ФЕДЕРАЦИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.**

3.1. Федерация мүшелері – жеке және (немесе) заңды тұлғалар – Федерация мақсаттарына жетуге жәрдемдесетін, Жарғы ережелерін және басқару органдарының шешімдерін мүлтіксіз орындайтын және мүшелік жарналарды төлейтін, Федерация ұйымдастыратын барлық іс-шараларға белсенді қатысатын қоғамдық бірлестіктер. Федерация мүшелері ретінде сонымен қатар шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар болуы мүмкін.

3.2. Федерацияға мүшелік ерікті.

3.3. Федерация құрамына мүшелерді қабылдау және алып тастау Федерацияның Атқарушылық органының шешімі бойынша жүргізіледі.

3.4. Федерацияға мүшелікке ие болу және/немесе мүшеліктен айырылу үшін негіз болып Бас хатшы атына жазылған жазбаша өтініш және оның кейінгі тиісті шешімі табылады.

3.5. Мүшеліктен алып тастау келесі жағдайларда жүргізіледі:

- 1) Федерация Жарғысын және (немесе) Федерацияның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды дөрекі және бірнеше рет бұзу;
- 2) мүшелік жарналарды төлеуді бір жылдан астам мерзімінен кешіктіру;
- 3) Федерация мүшесін қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босату;
- 4) Федерацияның беделін түсіретін теріс әрекеттерді жасау;
- 5) Атқарушылық орган белгілейтін басқа жағдайларда.

3.6. Федерация мүшесін алып тастау жағдайында ол төлеген мүшелік жарна қайтарылмайды.

3.7. Федерацияның әрекет ететін мүшесі құқылы:

- 1) Федерацияның басқарушы органдары мен филиалдарына өз өкілдерін ұсынуға;
- 2) Атқарушы орган белгілеген тәртіпте Федерация қызметі туралы ақпарат алуға;
- 3) Федерациядан Федерацияға мүшелікті растайтын жазбаша құжатты алуға (куәлік);
- 4) Федерацияның барлық органдарына қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

5) материалдық базаны, Федерация мүшелеріне белгіленген жеңілдіктерді Атқарушы орган анықтаған тәртіпте пайдалануға;

6) Федерация арқылы таратылатын құрал-жабдықты, киім-кешектерді, жабдықты, сондай-ақ басқа мүлікті орталықтандырылған түрде алу;

7) Федерация мүшесі қатарынан ерікті түрде шығу.

3.8. Федерацияның әрекет ететін мүшесі міндетті:

1) осы Жарғының талаптарын, Федерацияның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, осы Жарғымен белгіленген құзыреті шегінде қабылданған Федерация органдарының шешімдерін орындауға;

2) Федерацияның беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеуге;

3) Федерация және (немесе) оның қызметі туралы қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге ақпаратты жарияламауға;

4) Конференция шешімімен белгіленген тәртіпте және мөлшерде мүшелік жарналарды төлеуге;

5) Федерация мүшелерінің тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізу үшін Атқарушы органға мәліметтер беруге;

6) Тізілімге енгізу үшін қажетті мәліметтер өзгерген күннен бастап он күннің ішінде осындай өзгертулер туралы Бас хатшыға хабарлауға;

3.9. Мүшелік жарналар:

1) Федерацияның барлық мүшелері (құрметті мүшелерінің басқасынан) жыл сайынғы мүшелік жарналарды (бұдан әрі – мүшелік жарналар) төлеуге міндетті.

2) Мүшелік жарналар тиісті жыл аяқталғанға дейін қалған күндердің санына қарамастан ағымдағы күнтізбелік жылға төленеді.

3) Тиісті жылға Мүшелік жарналарды Федерацияның әрекет ететін мүшелері ағымдағы жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей төлейді, ал Федерация мүшелігіне жаңа қабылданған немесе қалпына келтірілген мүшелер мүшелікке қабылдау немесе қалпына келтіруден кейін 1 (бір) айдан кешіктірмей төлейді.

4) Мүшелік жарналарды төлеу бойынша 3 (үш) айдан астам уақытқа толық немесе ішінара мерзімін кешіктіру кешіктіруге жол берген тұлғаға қатысты мүшелікті қоқтатуға әкеліп соқтырады.

5) Күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша Бас хатшы мүшелік жарналарды төлеу бойынша берешегі бар тұлғаларды Федерация мүшелерін шығару туралы шешім қабылдайды.

3.10. Федерация мүшелерінің тізілімі. Федерация мүшелігінің пайда болуы, өзгеруі және тоқтауы Тізілімге енгізілген тиісті жазба негізінде жүзеге асырылады. Тізілімді Бас хатшы жүргізеді және оған жазбалар енгізеді. Тізілім Федерация мүшелері туралы келесі мәліметтерден тұрады:

1) Тегі, аты және әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін);

2) Жеке сәйкестендірме нөмірі;

3) Жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың деректері;

4) Тұрғылықты жері және заңды мекенжайы;

5) Электронды поштаның қолданыстағы мекенжайы, мобильді телефон нөмірі;

6) Мүшелік мәртебесі туралы ақпарат;

7) Федерация мүшелігінің пайда болуы, өзгеруі және тоқтауы үшін негіздер;

8) Тізілімге тиісті жазбаны енгізу күні.

3.11. Заңды тұлғалар үшін – Тізілімге мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде толық атауы, бизнес-сәйкестендірме нөмірі (БСН), орналасқан мекенжайы туралы мәлімет және бірінші басшысы туралы мәлімет кіреді.

3.12. Федерация мақсаттарына жету ісіне елеулі күш салған тұлғаларды Федерацияның құрметті мүшелері қатарына қабылдауға құқылы. Федерацияның құрметті мүшелері қатарына қабылдау туралы шешімді құрметті мүшелер қатарына қабылданатын тұлғаның келісімі бар болған кезде Федерацияның Атқарушы органы

қабылдайды. Құрметті мүшелер мүшелік жарнаны төлемейді және Конференция жиналысында дауыс беру құқығын алып тастағанда Федерация мүшелерінің барлық құқықтарына ие.

3.13. Федерация мүшелерінің құрамына қабылдау, құрметті мүше мәртебесіне ие болу және одан айырылу туралы, мүшелікті тоқтату, Федерация мүшелерінің қатарынан алып тастау және Федерация құрамынан ерікті түрде шығу тиісті шешімдер мен құжаттар негізінде жүргізіледі:

<b>Мүшелік мәртебесі туралы ақпарат</b>	<b>Негіз</b>
Құрметті мүшелер қатарына қабылдау	Конференция жиналысының хаттамасы
Мүшелікке қабылдау	Бас хатшы бұйрығы
Мүшеліктен алып тастау	Бас хатшы бұйрығы
Мүшелікті тоқтата тұру	Бас хатшы бұйрығы
Мүшелікті тоқтату	Өтініш

3.14. Бас хатшыға жіберілген Федерацияның әрекет ететін мүшесінің жазбаша өтініші бойынша оған мәртебесін растау мақсатында бес жұмыс күннің ішінде Тізілімнен үзінді көшірме жіберіледі.

#### **4. САНКЦИЯ (ТӘРТІПТІК ШАРА ҚОЛДАНУ)**

4.1. Федерацияның кез келген мүшесіне санкция қолданылуы мүмкін, яғни оған тәртіптік шара келесі жағдайда қолданылуы мүмкін:

1) өз міндетін тиісті түрде орындамаған жағдайда немесе Федерация алдындағы қаржылық міндеттемесін орындамаған жағдайда;

2) ITC ережелерін, Федерация Жарғысын, оның Конференциясының, Атқарушы органының, Президентінің және Бас Хатшысының шешімдерін бұзған жағдайда;

3) триатлон, Федерация немесе оның басқарушы органының беделіне нұқсан келтірген жағдайда.

4.2. Санкция түрлері (тәртіптік шара қолдану):

1) Ескерту;

2) Федерация мүшелігін тоқтату;

3) Федерация мүшелігінен шығару;

4) спорттық нәтижесін жарамсыз деп тану;

5) марапаттарын, медальдерін, сыйлықтарын және т.б. алып тастау.

4.3. Санкция, Федерация мүшелігінен шығару жөніндегі санкцияны қоспағанда, Федерацияның Атқарушы органымен салынады. Егер Федерация мүшесі Дүниежүзілік антидопинглік агенттікпен (WADA) немесе Қазақстан Республикасының антидопинглік ұлттық комитетімен санкция жасалған (жаза қолданылған) болса, антидопинглік ережені бұзғаны үшін санкция қолданылмайды.

4.4. Федерацияның барлық мүшелері Федерацияның салған санкциясын тануы және орындауы тиіс.

4.5. Федерация мүшелерінің кез келгеніне санкция қолданылғанға дейін, оған немесе оның өкіліне Атқарушы органға түсіндіру (жазбаша немесе жеке) құқығын беру.

Мұндай құқық туралы Федерация мүшесі, санкция салынуы мүмкін мүшесі, Бас Хатшыға жазбаша түрде санкция қолданылғанға дейін 7 (жеті) күн ішінде хабарлайды.

4.6. Егер шешім қабылдаған орган санкция туралы басқаны белгілемесе, санкция шешім қабылдағаннан кейін кідіртпей күшіне енеді.

4.7. Федерация егер бұзу мезетінен бастап 10 (он) жылдан астам мерзім өткен жағдайда қандай да бір санкция салуға құқығы жоқ. Бұл мерзім ұзартылады, егер бұл қолданылатын болса, егер бұзуды тексеру ашық немесе тоқтатылған жағдайда ұзартылады.

4.8. Апелляция. Санкция салынған Федерация мүшесі Федерацияның Атқарушы органының мекенжайына апелляция беруі мүмкін. Апелляцияны санкция салынған Федерация мүшесі санкция салынғаны туралы шешім алған мезеттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде беруі тиіс.

4.9. Атқарушы орган апелляцияны қанағаттандырусыз қалдырған жағдайда, санкция салынған Федерация мүшесі Арбитраждық Спорттық Сотқа (CAS) Лозанға, Швейцарияға апелляция беруге, осы Жарғының 4.8 т. көрсетілген ұқсас мерзімге беруге құқылы. CAS шешімі ақырғы және міндетті болады.

## **5. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.**

### **5.1. Федерацияның құқықтары:**

1) өз қызметі туралы ақпаратты белгіленген тәртіпте тарату, мемлекеттік және сот органдарында, Қазақстан Республикасының қоғамдық және өзге де ұйымдарында Федерация мүшелерінің заңды мүддесін қорғау;

2) белгіленген заң тәртібінде, қоғамдық ұйымдармен және Қазақстан Республикасының өзге де заңды және жеке тұлғаларымен құқықтық қарым-қатынастарға түсу;

3) Федерация басқарма органының отырысында ҚР ХОК өкілін бақылаушы ретінде ҚР ХОК–пен келісілген бойынша қосу;

4) ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының банктерінде банктік шот ашу;

5) мөр, мөртабан, бланкісі болу, Қазақстан Республикасы заңнамасына қарама-қайшы келмейтін символика, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген тауарлық белгісі және басқа да даралау құралының болуы;

6) Федерация құрамында жұмыс топтарын, органдарын құру;

7) триатлон бойынша аймақаралық, халықаралық спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге, мұндай іс-шаралар туралы Ережені дайындау және бекіту;

8) Ерлер мен әйелдерге, балалар мен жас өспірімдерге, студенттік командалар арасында спорттық жарыс өткізу;

9) Федерация қызметінің мәніне және жарғылық мақсатына қарама-қайшы келмейтін байқаулар, көрмелер, спорттық жарыстар және басқа да мәдени-ағартушылық іс-шаралар өткізу;

10) триатлон бойынша Федерация символикасы мен спорттық құрама командасының ресми, естелік және марапаттық атрибуттарын белгіленген заң тәртібінде дайындаудың, пайдаланудың, жүзеге асырудың барлық құқықтарына ие болу;

11) республикалық және халықаралық жарыстарға дайындау және қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасын қалыптастыру;

12) шарттық негіздемеде тренерлер құрамын, ғылыми мамандар, медициналық жағынан қамсыздандыруды, өзге де мамандарды халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасының спорттық құрама командасын дайындауды қалыптастыру;

13) тренерлер, спорттық судьялар, өзге де мамандарды аттестаттауды жүзеге асыру және олардың қызметтерін бақылау;



14) Федерацияның ресми формасын және оның ішінде жарыстық жабдықтары мен киім-кешектерін бекіту;

15) қаржыны, Федерацияның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, оның ішінде ресми халықаралық іс-шараларда Қазақстанның спорттық құрама командасының дайындығын қамтамасыз ету және қатысуын бюджеттікті қоса, спорттық және дене шынықтыру іс-шараларын, триатлон жанкүйерлерін қолдау;

16) азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру;

17) халықаралық байланыстарды қолдау, тиісті келісімдерді жасасу, халықаралық коммерциялық емес қоғамдық емес бірлестіктерде ұжымдық мүше ретінде кіру.

18) халықаралық құқық нормалары және жалпыға мәлім принциптері, халықаралық шарттар мен тиісті мемлекеттің заңнамасы негізінде шетелдік мемлекеттерде өз құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құру.

19) Спорт ардагерлерімен кездесулер, лотерея мен аукциондар өткізу.

20) триатлон бойынша Федерация қызметіне байланысты оқулық бағдарламалар шығару, бұқаралық ақпарат құралдарын бекітуге, баспалық, жарнамалық, ақпараттық қызметті жүзеге асыру, теле- және радиобағдарламаларға қатысу.

21) мүліктік және жеке мүліктік емес құқыққа ие болуға және жүзеге асыру;

22) егер заңнамалық актілерде өзгесі қарастырылмаса басқа да заңды тұлғаны құру;

23) осы Жарғыда белгіленген құзырет шеңберінде Федерация мүшесі қызметінде қатысу;

24) жарғының мақсатында қарастырылғанды жету үшін қаражатты пайдалану;

25) Федерация мүшелеріне ақы төленетін жергілікті және шетелдік іссапарларды, шетелдік топтарды және делегацияларды қабылдау бойынша жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық міндеттемелерге қарама – қайшы келмейтін басқа да іс-шараларды өткізуге қатысу;

26) триатлонды дамыту ісінде шетелдік және жергілікті инвестицияны тарту;

27) өз мүшелерінің қызметіне бірыңғай жүйе және ұйымдастыру ережесін белгілеу;

28) Қазақстан Республикасының триатлон бойынша облыстық/қалалық құрама командасының оқу-дайындық процессінде орталықтандырылған басшылықты жүзеге асыру;

29) өңірлік, ұлттық және халықаралық спорттық жарыстарда және оқу-дайындық жиындарында, спорттық және ұлттық командаларды қаржыландыру /бірлесе қаржыландыруды жүзеге асыру;

30) жарғыға сәйкес жеке тұлғаларға және ұйымдарға әдістемелік және материалдық көмек көрсету;

31) Федерацияның заңдық құзыры шеңберінде Ұлттық чемпионаттар мен басқа да іс-шараларды өткізу күні мен орнын белгілеу;

32) Республикалық Федерация мәртебесінде өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

5.2. Федерацияның міндеттері:

1) нақты және ұзақ мерзімді спорттық қызметпен айналысу, ХОК-пен танылған ІТУ мүшесі болып табылу, Олимпиадалық хартияны басшылыққа алу және ІТУ ережесі тәрізді, оны барлық жағынан сақтау;

2) Федерация мәлімдеген Қазақстан Республикасының делегация мүшелерінің мінез-құлықтарына ҚР ҰОК бірлескен жауапкершілікте болады;

3) үйлесімді қарым-қатынасқа қол жеткізуге тиісті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірлескен қарым-қатынас дамытуға және ынтымақтастықта болу;

4) ҚР ҰОК Олимпизмнің нақты принциптері мен құндылықтарын ілгерілетуге ҚР ҰОК жәрдемдесу;

5) ҚР ҰОК басқару органының шешімін орындау;

6) мүшелік және өзге де жарналарды уақытылы төлеуге (ҚР ҰОК оларды белгілеген жағдайда);

7) спорт түрі бойынша ұлттық құрама командасының мүшелерін дайындауға, қалыптастыруға, бекітуге қатысуға, сондай-ақ олардың Олимпиада ойындарында, жасөспірімдердің Олимпиада ойындарында және басқа да кешенді халықаралық спорттық іс-шараларда жергілікті спорттық федерациялармен, ҚР орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара бірлесіп қатысуын қамтамасыз ету;

8) ҚР ҰОК заңдық құзырындағы дене шынықтыру және спортты дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға қатысу;

9) ҚР ҰОК қызметіне ұқсас қызметі бар Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан ұйымдардың мүшелігінде болмауға;

10) республикалық спорттық федерацияға аккредитеу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған міндеттерді жүзеге асыру;

11) өз қызметі туралы ҚР ҰОК басқару органын хабарландыруға және Федерацияның жоғары басқару органының қабылдаған шешімін ҚР ҰОК Атқару Комитетіне жолдау;

12) ҚР ҰОК келесілерге қатысты кешенді маркетингтік құқығын беру:

- ҚР заңнамасында белгіленген тиісті шарттық қарым-қатынас шеңберінде, ұлттық федерация және тиісті халықаралық ұйымдардың ережелеріне қарама-қайшы келмейтін спортшының имиджін;

- егер ол ұлттық федерация және тиісті халықаралық ұйымдардың ережелеріне қарама-қайшы келмейтін болса, ҚР ҰОК заңдық құзырындағы жарыстарды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Олимпиадалық Хартий Ережесін, Жарғыны, IТУ, ҚР ҰОК Ережесін сақтау;

14) Федерацияның тұрақты басшылық басқару органының заңды мекенжайы, орналасқан орнының өзгеруі жөнінде және ұлттық тізілімге кіретін басшылықтың мәлімет көлеміндегі деректерін, бизнес сәйкестендірме нөмірін тіркеуші органға мәлімдеу;

15) өз құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар мәтінін келісу үшін, халықаралық федерацияға сәйкес және олардың тиісті жарғыларымен және қолданылатын нормаларына сәйкес тығыз өзара әрекет ететін қаралуы керек, ҚР ҰОК жолдау;

16) ҰФ басқару органының мәжілісінің күнін белгілегенге дейін оның ішінде лауазымды тұлғаны тағайындау мәселесі бойынша да күн тәртібіндегі мәселе бойынша қажетті барлық құжаттамалармен ҚР ҰОК бір ай бұрын тиісті түрде жазбаша хабарландыру. Шұғыл жағдайда ҚР ҰОК хабарламасы Федерацияның қарауы бойынша жағдайға байланысты қысқаруы мүмкін; 18) Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келетін әрекеттер үшін жауапкершілікте болады;

17) ҚР ҰОК мүшелігімен шарттастырылған, халықаралық федерацияның тиісті және қолданылатын нормаларына сәйкес тығыз өзара әрекет ететін, өз құрылтай құжаттарына қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

18) ҚР ҰОК келісімі бойынша ҰФ басқару органының мәжілісінде ҚР ҰОК өкілін бақылаушы ретінде қосу;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХОК Олимпиадалық Хартиде, осы Жарғыда және осы Жарғыға сәйкес қабылданған ҚР ҰОК шешімінде қарастырылған өзге де міндеттерді;

20) мандат пен Дүниежүзілік антидопингтік агенттік ережесін және спорттағы наркотикпен күрес бойынша Ұлттық орган ережесін қадағалауға және сақтауға және заңсыз түрде психоактивті заттарды қолдануды және қолдануға тыйым салынған заттарды пайдалануға, сондай-ақ спортта допинг пайдалануды болдырмау ортасына қол жеткізуге қатысты бағдарлама және іс-шараны үйлестіру.

## **6. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ (ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР) ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОЛАР ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АУМАҚ**

6.1. Федерацияның басқару органдары:

- 1) Басқарудың жоғары органы – Президент басқаратын Конференция.
- 2) Басқарудың атқарушы органы – Бас Хатшы.
- 3) Бақылау органы – Тексеру комиссиясы.

6.2. **Басқарудың жоғары органы – Конференция.** Конференция мүшелерінің құрамына келесілер кіреді: Президент, Бірінші Вице-Президент, Вице-президенттер, Бас Хатшы, Қазынашы, Федерация филиалдарының басшылары, спортшылардан бір өкіл және Федерацияның екі мүшесі.

6.3. Конференция отырыстарында Федерация Президенті төрағалық етеді. Ол болмаған жағдайда қатысушылардың делегаттары дауыстардың көпшілігімен сайлаған тұлға төрағалық етеді.

6.4. Жылдық Конференцияны Федерацияның атқарушы органы жылына бір реттен сирек емес, аяқталған есепті жылдан кейінгі үш айдан кешіктірмей шақырады. Жылдық Конференция алдындағы немесе одан кейінгі өзгелердің барлығы кезектен тыс болып табылады. Кезектен тыс Конференцияны шақыру тәртібі кезектіні шақыру тәртібіне ұқсас.

6.5. Федерацияның ұйымдық құрылымына басқару органдары, құрылымдық бөлімшелер – филиалдар кіреді.

6.6. Конференция оны тікелей және сырттай (сырттай дауыс беру бюллетеньдері арқылы) өткізу тәртібін қарастырады.

6.7. Конференцияның қатысып отырған мүшелерінің үштен екі бөлігі «ИӘ» деп дауыс берсе, Конференцияның күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешім қабылданған болып саналады. Конференцияның әр мүшесі бір дауысқа ие.

6.8. Конференцияның айрықша құзыретіне келесілер жатады:

- 1) Федерация Жарғысын қабылдау, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе Жарғының жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Федерацияны ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Федерация органдарының құзыретін, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін анықтау;
- 4) қаржы есептілігін және Федерацияның басқару органдары қызметінің нәтижесі бойынша есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, соның ішінде бақылау органының тексерісті өткізу тәртібін анықтау және оның нәтижесін бекіту;
- 5) заңнамалық актілерде белгіленген шектерде Федерацияның басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құру немесе қызметіне қатысу туралы шешімді қабылдау;
- 6) Президент, Бірінші вице-президент, Вице-президенттер, Құрметті Президент, Бас Хатшы, Қазынашыны (төрт жыл мерзімге) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Тексеру комиссиясы мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және ол туралы ережені бекіту;
- 8) жарналардың мөлшерін және түрін анықтау;
- 9) Конференция атқарушы органның шешімін Федерация мақсаттарына немесе міндеттеріне сәйкес келмейтін деп таныған жағдайда немесе басқа негіздер бойынша кез келген уақытта және орындалудың кез келген сатысында атқарушы органның шешімін (бұйрық, өкім, тапсырма және т.б.) жоюға.
- 10) Федерацияның жылдық бюджетін бекіту.

6.9. **Басқарудың атқарушы органы – Бас Хатшы,** Жарғыда Конференцияның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Федерация қызметінің

ағымдағы басқарылуын жүзеге асырады, Конференцияға есеп береді. Бас хатшы өз қызметі үшін жалақы ала алады, сондай-ақ қызметін қоғамдық бастамада жүргізе алады.

6.10. Атқарушы орган өкілеттіктерінің мерзімі төрт жылды құрайды.

6.11. Федерация Конференциясы Атқарушы органның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

6.12. Бас Хатшының құзыретіне Федерацияның Жоғары басқару органының шешімдерін және Президент, Бас Хатшы өкімдерін орындау кіреді, ол:

1) Федерация атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік билік, заңды және жеке тұлғалар, өзге ұйымдармен және т.б. қарым-қатынастарда оның мүддесін білдіреді;

2) осы Жарғыда белгіленген оның құзыретінің шегінде Федерация атынан әрекет ету құқығына сенімхаттарды береді;

3) қаржы есептілігін әзірлейді және оны бекіту үшін Конференцияға ұсынады;

4) Конференция отырысының өткізілуі туралы хабарламаларды Федерацияның әрекет ететін мүшелеріне олар көрсеткен электрондық пошта мекенжайларына жіберуді жүзеге асырады;

5) Федерация қызметкерлерін қабылдау, аудару және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға қатысты көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, олардың лауазымдық қызметтерінің және қызметтеріне жеке үстемелер мөлшерін Федерацияның штат кестесіне сәйкес белгілейді;

6) Федерация филиалдары мен өкілдіктерінің, Федерация қызметкерлері және жұмыс топтары, комиссиялардың қызметін үйлестіреді;

7) Федерация қызметінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін Федерация қаражатының шегінде жүзеге асырады;

8) жарғылық қызметті жүргізу үшін қосымша қаржы және материалдық қаражат көздерін тартады;

9) банктік шоттарды ашады, оларды және олардағы ақша қаражатын басқарады;

10) Федерацияның басқару органдарының отырыстарын ұйымдастырады, аталған отырыстарда хаттамалардың жүргізілуін ұйымдастырады;

11) өз өкілеттіктерінің бір бөлігін Федерацияның өзі уәкілетті еткен кез келген қызметкеріне табыстауға құқылы.

12) Конференция шешімдерінің іске асырылуын ұйымдастырады;

13) Федерация құрамына мүшелерді қабылдайды, сондай-ақ мүше болуды тоқтату немесе одан шығу туралы мәселелерді шешеді;

14) Федерация филиалы (өкілдігі) туралы ережені бекітеді;

15) Федерация қызметінің негізгі және нақты бағыттарын анықтайды;

16) Федерацияның бірінші кезектегі міндеттерін жариялайды;

17) Федерация қызметінің бағдарламаларын әзірлейді;

18) Федерацияның өзге басқару органдарының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

19) Қазақстан Республикасындағы триатлон бойынша дене шынықтыру-сауықтыру және спорт-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі республикалық күнтізбелік жұмыс жоспарын бекітеді;

20) Федерация Президентімен келісе отырып, жастар, кадеттер, әйелдер және еркектер арасында спорт бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға бас және мемлекеттік жаттықтырушыны, аға жаттықтырушыларды тағайындайды;

21) Федерация филиалдарының мәселелерін қарастырады және шешеді;

22) Жарғы, ережелер, регламенттер және өзге жергілікті актілер, соның ішінде Конференция, соның ішінде триатлон бойынша жергілікті аккредиттелген спорт федерациялары болып табылатын ұйымдар қабылдайтын спорт түрі бойынша нормативтік актілерді мақұлдайды;

23) бекітілген триатлонды дамыту бағдарламаларын іске асырады, басқару органдарының шешімдерін орындауға бағытталған іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;

24) триатлон бойынша қағидалар, ережелер, регламенттер және өзге нормативтік актілерді бекітеді, олардың орындалуын бақылау жүйесін, соның ішінде санкциялар мен шектеулер жүйесін белгілейді;

25) ресми спорттық іс-шараларды өткізу тәртібі мен мерзімділігін бекітеді;

26) аймақаралық, ұлттық және халықаралық ресми жарыстар және өзге ресми спорт іс-шаралары туралы ережелерді бекітеді;

27) триатлон бойынша спортшыларды кәсіби даярлау, қайта даярлау, төреші, жаттықтырушы және басқа мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру бағдарламаларын қалыптастыру, бекіту және іске асыру жөніндегі шешімдерді қабылдайды;

28) ҚР-дың триатлон бойынша құрама командаларды халықаралық ресми спорттық іс-шараларға қатысу үшін дайындау жөніндегі жаттықтырушылар, ғылыми және медициналық қызметкерлер, басқа мамандар, соның ішінде шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар құрамын қалыптастырады;

29) Федерация филиалдарының бірінші басшыларын лауазымына тағайындайды және одан босатады;

30) Ұлттық құрама бас жаттықтырушысының ұсынуы бойынша Триатлон бойынша ұлттық құрама команда құрамын қалыптастырады;

31) триатлон бойынша ҚР құрама командаларының шығуын және жаттықтырушылар, мамандар және Ұлттық құрама команданы даярлауға қатысатын өзге тұлғалардың қызметін бағалайды, оның нәтижесі бойынша көтермелеу шаралары, соның ішінде тәртіптік немесе өзге жаза туралы шешім қабылдайды;

32) триатлон бойынша ҚР құрама командасының құрамына, соның ішінде Олимпиада ойындарына қатысу үшін спортшыларды іріктеу критерийлерін бекітеді;

33) комиссияларды және жарғыда қарастырылған өзге мамандандырылған жұмыс топтарын құрады, ұлттық федерация, ұлттық федерация мүшелері, құрама командалар мүшелері, жаттықтырушылар және өзге тұлғаларға қатысты антидопингтік, тәртіптік және триатлон бойынша өзге ережелерді бұзу фактісі бойынша тыңдалымдарды және шешім қабылдауды ұйымдастырады;

34) ұлттық федерация қызметінің мәні мен мақсаттарының заңды және жеке тұлғаларға қайырымдылық немесе материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылдайды;

35) құпия ақпаратқа жататын мәліметтердің тізбесін анықтайды;

36) Федерация қаражатын тиісті жылға бекітілген бюджеттің шеңберінде Федерацияның ұйымдық және спорттық іс-шараларын қамтамасыз етуге қаражатты жұмсау туралы шешім қабылдайды;

37) Федерацияның ағымдағы және келесі жылға бюджетін бекітеді;

38) Федерацияның штат кестесін және ұйымдық құрылымын бекітеді;

39) Филиалдар және өкілдері ашуы туралы шешім қабылдайды;

40) аккредиттелген республикалық спорттық федерациялардың құқықтары мен міндеттеріне жатқызылған өзге мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

6.13. Атқарушы орган Федерация Президенті бекіткен мерзімде өз қызметі туралы ақпараттық есептерді ұсынады.

6.14. **Бақылау органы – Тексеру комиссиясын** Конференция сайлайды. Кемінде үш мүшеден құралады: екі Тексеру комиссиясының мүшесі және Тексеру комиссиясының Төрағасы. Тексеру комиссиясы төрт жыл мерзімге сайланады.

6.15. Тексеру комиссиясының мүшелері қоғамдық бастамада әрекет етеді.

6.16. Тексеру комиссиясы Федерацияның қаржы қызметін, сондай-ақ Федерация және оның басқару органдары қызметінің қолданыстағы заңнамаға және осы Жарғыға сәйкестігін бақылау мақсатында құрылады.

6.17. Тексеру комиссиясы Конференцияға есеп береді. Тексеру комиссиясының мүшелері Атқарушы органға сайлана алмайды.

6.18. Тексеру комиссиясы өз қарауынша кез келген уақытта, бірақ жылына бір реттен сирек емес тексерістер мен тексерулер жүргізеді.

6.19. Федерация Конференциясы және Тексеру комиссиясының мүшелері осы органдардың жұмысына қатысу үшін сыйақы алмайды.

6.20. **Федерация Президенті** осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте, атап айтқанда Конференциямен лауазымына сайланады және одан босатылады. Федерация Президенті өкілеттіктерінің мерзімі 4 жылды құрайды. Федерация Президенті өз қызметін қоғамдық бастамада жүзеге асырады. Президент өзінің жекелеген өкілеттіктерін Федерацияның лауазымдық тұлғаларына табыстауға құқылы.

6.21. Федерация Президенті:

1) мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен және барлық меншік түріндегі және резиденттіктегі өзге ұйымдармен қарым-қатынаста Федерация атынан әрекет етеді;

2) Федерация қызметінің барлық бағыттарына, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Федерация жарғысымен Федерацияның басқару органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда жалпы басшылықты жүргізеді;

3) Федерация атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Федерация атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда әрекет ету құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта табыстау құқығы бар сенімхаттарды береді;

4) Федерация Конференциясында төрағалық етеді, отырыстарды жүргізеді және хаттамаларға қол қояды;

5) Бірінші Вице-президентті/вице-президенттері немесе Бас хатшыны Федерация Конференциясы отырыстарында төрағалық етуші функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті ете алады;

6) Жарғыда және Федерацияның ішкі құжаттарында анықталған өз құзыреті шеңберінде бұйрықтар шығарады;

7) Конференция, Атқарушы орган, Тексеру комиссиясының айрықша құзыретіне жатпайтын Федерация қызметінің өзге мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

6.22. **Бірінші Вице-президент және Вице-президенттер.** Федерацияның Бірінші Вице-президентін және Вице-президенттерін Федерация Конференциясы лауазымына сайлайды және лауазымынан босатады. Олар Федерация Президентіне есеп береді. Бірінші Вице-президент және Вице-президенттер өз қызметін Федерация Президенті анықтаған Федерация қызметінің бағыттары бойынша қоғамдық бастамада жүзеге асырады. Вице-президенттер өкілеттіктерінің мерзімі 4 жылды құрайды.

6.23. **Құрметті Президент.** Құрметті Президент – Федерация мүшесі болмауы да мүмкін, оны лауазымына Конференция сайлайды, ол өзінің қызметін қоғамдық бастамада жүзеге асырады.

6.24. Құрметті Президенттің құзыретіне халықаралық, олимпиадалық және өзге іс-шараларға Федерация атынан қатысу кіреді.

## **7. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ БАСҚА МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ, ФЕДЕРАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ (ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕРДІҢ) МҮЛІКТІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

7.1. Федерацияның ақша қаражаты мен басқа мүлкін қалыптастыру көздері қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесілер болып табылады:

- 1) Федерация мүшелерінен түсетін түсімдер (кіру/мүшелік жарналар);
- 2) Ерiкті мүлiктiк жарналар және қайыр көрсету, демеушілік көмек;

3) Заңнамада белгіленген тәртіпте тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатудан түскен кіріс (жарғыға сәйкес лекциялар, спорттық іс-шараларды өткізуден түсетін түсімдер, өндірістік және өзге де қызметтен түсетін кіріс);

4) акциялар, облигациялар, басқа бағалы қағаздардан және салымдардан (депозиттерден) алынатын дивидендтер;

5) заңнамамен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

7.2. Федерация және оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар және өкілдіктердің) мүлікті басқару жөніндегі құқықтары. Федерация мүшелерінен қаржы қаражатының және басқа қаражаттың түсу тәртібі осы Жарғымен және Федерацияның басқару органдары шешімдерімен анықталады.

7.3. Федерация мүшелерінің Федерация мүлкін қалыптастыруға натуралды және ақшадан басқа өзге формалардағы салымдары барлық мүшелердің келісімі бойынша ақша формасында бағаланады. Егер бұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке баламалы сомадан асатын болса, оның бағалануы аудиторлық ұйыммен расталуы тиіс.

7.4. Федерация мүшелерінің олар Федерацияға табыстаған мүлікке, соның ішінде жасаған жарналарына құқықтары жоқ.

7.5. Федерация мүшелері Федерация міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Федерация өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7.6. Федерация меншігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалады.

7.7. Федерацияның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7.8. Федерацияның өз меншігінде осы Жарғыда қарастырылған қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй қоры, автокөлік, жабдығы, спорттық-техникалық мүлкі болуы мүмкін.

7.9. Федерация мүліктің бірыңғай меншіктенушісі болып табылады. Мүлікті және ақшаны Федерация меншігіне немесе пайдалануына табыстау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

7.10. Федерацияның өндірістік, шаруашылық және өзге қызметінен түсетін барлық пайда, сондай-ақ демеушілерден, тұлғалардан кіріс ретінде түсетін түсімдер Федерация мүшелерінің арасында бөлінбейді және тек жарғылық міндеттерді орындау үшін ғана пайдаланылады.

7.11. Филиалдар қызметі үшін Федерация бұндай әрекеттер уәкілетті басқарушы органмен келісілген жағдайда толық көлемде жауапкершілікте болады. Филиалдар Федерация табыстаған мүлікті иеліктен айыру құқығынсыз пайдаланады.

7.12. Мемлекет Федерация қызметі үшін жауапкершілікте болмайды. Федерация Мемлекет қызметі үшін жауапкершілікте болмайды.

## **8. ФЕДЕРАЦИЯ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.**

8.1. Осы Жарғыға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Федерация Конференциясының шешімі бойынша енгізіледі.

8.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда енгізілген өзгертулер мен толықтырулар белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуге жатады.

## **9. ФЕДЕРАЦИЯНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ, ТАРАТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФЕДЕРАЦИЯ МҮЛКІНІҢ ЖАҒДАЙЫ.**

9.1. Федерация қызметін тоқтату оны қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жасалуы мүмкін.

9.2. Федерация отырысқа қатысып отырған Конференция отырысы қатысушы мүшелері дауыстарының көпшілігімен қабылданған Конференция отырысының шешімі

бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

9.3. Федерацияны қайта ұйымдастыру бірігу, қосылу, қайта құру және заңнамада қарастырылған басқа формаларда жүргізілуі мүмкін.

9.4. Федерация қосылу формасындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда жаңа құрылған ұйымның (ұйымдардың) мемлекеттік тіркелген кезінен бастап қайта ұйымдастырылған болып саналады. Федерацияны оған басқа ұйымның қосылуы түрінде қайта ұйымдастыру кезінде Федерация қосылған ұйым қызметінің тоқтауы туралы жазба заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуішіне енгізілген кезден бастап қайта ұйымдастырылған болып саналады.

9.5. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеу және заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуішіне қайта ұйымдастырылған ұйымның (ұйымдардың) қызметі тоқтатылғаны туралы жазба енгізу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

9.6. Федерация таратылуы мүмкін:

- Конференция отырысының шешімі бойынша;
- сот органдарының шешімі бойынша.

9.7. Федерацияны тарату кезінде егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбесе, Атқарушы орган анықтаған тәртіпте және құрамда тарату комиссиясы құрылады.

9.8. Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап Федерация мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер Тарату комиссиясына өтеді.

9.9. Тарату комиссиясы баспаның ресми органдарында Федерацияны тарату және оның кредиторларының кінәрат-талаптарын ұсыну тәртібі және мерзімі туралы жарияланымды орналастырады.

9.10. Тарату комиссиясы кредиторларды анықтау және берешекті алу жөніндегі шараларды қабылдайды, сондай-ақ кредиторларға Федерацияны тарату туралы жазбаша хабарлайды.

9.11. Федерацияны тартудан кейін бюджетпен және кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған оның мүлкі осы Жарғыда қарастырылған қызмет мақсаттары мен міндеттерін орындауға жөнелтіледі.

9.12. Федерацияны заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеуішінен алып тастаған кезден бастап Федерацияны тарату аяқталған, ал Федерация қызметін тоқтатылған болып саналады.

## **10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.**

10.1. Осы Жарғыда реттелмеген барлық басқа ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10.2. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10.3. Жарғыға өзгертулер мен толықтыруларды бекіту мәселесін шешу, жаңа редакциядағы жарғыны қабылдау (талқылау, дауыс беруге қатысу және тиісті хаттамаға қол қою) жөніндегі өкілеттіктерін Федерация Конференциясы мүшелері олар сайлаған бір мүшеге тиісті сенімхатты ресімдеу арқылы табыстауы мүмкін.

10.4. Осы Жарғыдағы бір немесе одан артық ереже немесе оларды қолдану жарамсыз, заңсыз немесе заңдық күші жоқ деп саналса немесе солай деп жарияланса, онда Жарғыдағы қалған ережелердің жарамдылығы, заңдылығы және заңдық күші және оларды қолдану қозғалмайды және шек қойылмайды.

10.5. Осы Жарғы оған қол қойылған және Федерацияның уәкілетті органы бекткен кезден бастап қолданысқа енгізіледі.



## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Общественное объединение «КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ТРИАТЛОНА» в дальнейшем «Федерация», является некоммерческой организацией с организационно-правовой формой общественного объединения, имеющего статус республиканского, обладающая представленными ей настоящим Уставом полномочиями по управлению и развитию триатлона, а также прочих видов спорта, связанных с триатлоном (мультиспорт) – акватлон, дуатлон, междугородний триатлон, зимний триатлон, триатлон в закрытых помещениях, включая паратриатлон (далее вместе именуемые - триатлон) в Республике Казахстан и исключительным правом представления триатлона в Международной организации триатлона (ITU), Всемирной корпорации триатлона (WTC), Азиатской федерации триатлона (ASTC) и иных международных организациях.

1.2 Федерация, являющаяся членом ITU, членом Национального Олимпийского Комитета Республики Казахстан (НОК РК), принадлежащая к Олимпийскому движению, настоящим обязуется соблюдать положения Олимпийской хартии и Всемирного антидопингового кодекса. Федерация обязуется в соответствии с предметом и целями деятельности на национальном уровне участвовать в мероприятиях по продвижению Олимпийского движения. Федерация берет на себя обязательство поддерживать и поощрять продвижение спортивной этики, бороться с допингом.

1.3 Федерация признает, что ITU является единственным признанным органом в мире, который управляет триатлоном на международном уровне.

1.4 Федерация признает исключительное право НОК РК:

1) на представление Республики Казахстан на Олимпийских играх, региональных, континентальных или мировых комплексных спортивных соревнованиях, которые проходят под патронатом Международного Олимпийского комитета (МОК), Ассоциации Национальных Олимпийских Комитетов (АНОК), Олимпийского совета Азии (ОСА) и других всемирных спортивных организаций и ассоциаций с правом НОК РК заявлять и отправлять спортсменов на данные соревнования;

2) формировать и определять порядок пребывания делегации Республики Казахстан на Олимпийских играх, региональных, континентальных или мировых комплексных спортивных соревнованиях, которые проходят под патронатом МОК, АНОК, ОСА и других всемирных спортивных организаций и ассоциаций с правом НОК РК заявлять и отправлять спортсменов на данные соревнования.

1.5 Правоспособность общественного объединения как юридического лица возникает с момента его регистрации в порядке, установленном законодательными актами Республики Казахстан.

1.6 Срок действия Федерации не ограничен.

